

2013-2014 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 612 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2014 жылғы 31 қаңтарда № 2517 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 3278 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 05.08.2014 № 3278 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Сарыағаш ауданы бойынша 2013-2014 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Асқанбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі	Ә.Мақұлбаев	
Сарыағаш	ауданы	әкімдігінің
2013	жылғы	31
№ 612 қаулысына қосымша		желтоқсандағы

**Сарыағаш ауданы бойынша 2013-2014 жылдарға арналған
субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері
бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері**

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	25.10.2013	05.12.2013	тәлімі және суармалы жер
2	Жаздық бидай	15.02.2014	25.03.2014	тәлімі жер
3	Көкөніс	05.03.2014	25.05.2014	суармалы жер
4	Мақта	15.04.2014	20.05.2014	суармалы жер
5	Жүгері	25.03.2014	20.05.2014	суармалы жер
6	Максары	05.03.2014	01.04.2014	тәлімі жер
7	Жоңышқа	05.03.2014	01.04.2014	тәлімі және суармалы жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК